

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАУЛЫСЫ**

2022 жылғы 27 тамыз

Нұр-Сұлтан қаласы



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВЛЕНИЯ**

№ 70

город Нур-Султан

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының
инвестициялық декларациясын бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының
2020 жылғы 24 ақпандағы № 10 қаулысына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 10 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясында:

5-тармақта:

7) тармақша алып тасталсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) зейнетақы активтерін басқарушы – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің монетарлық операциялар бөлімшесі;»;

23) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«23) эталондық портфель – инвестордың стратегиялық мүдделерін көрсететін бағалы қағаздар, құралдар жиынтығы. Эталондық портфельдің кірістілігі зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігін бағалау кезінде өлшем қызметін атқарады. Жетекші әлемдік қаржы компаниялары не Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) әзірлеген және қадағалайтын индекстер эталондық портфель ретінде пайдаланылады.»;

10-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының зейнетақы активтерін басқару

жөніндегі инвестициялық комитеті (бұдан әрі – Комитет) шетел валютасындағы зейнетақы активтерін тактикалық бөлу бөлігінде шешімдер қабылдайды, сондай-ақ Басқарманың тиісті шешімдері қабылданған, сондай-ақ осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген зейнетақы активтерін инвестициялау туралы шешімдерді қоспағанда, бағалы қағаздарды сатып алу және (немесе) сату, валюталарды конвертациялау, қаржы құралдарымен мәмілелер жасау, активтерді сыртқы басқаруға беру бойынша шешімдерді қарайды және қабылдайды;»;

4) тармақшаның бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«4) зейнетақы активтерін басқарушы Инвестициялық декларацияда бекітілген параметрлерге сәйкес қаржы құралдарын портфельдерге іріктейді және оларға инвестициялайды, қаржы құралдарын сатып алу және (немесе) сату бойынша Комитеттің ұсынымдарын қалыптастырады, Комитеттің шешімдерін орындайды, Инвестициялық декларацияның 26-1-тармағында көзделген шешімдерді қоса алғанда, эталондық портфельдерге қарсы басқарылатын шетел валютасындағы зейнетақы активтері бойынша шешімдер қабылдайды, ұйымдастырылған нарықтағы валюталық своптар жасау, ақша нарығының құралдарына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына инвестициялау бойынша шешімдер қабылдайды, сондай-ақ зейнетақы активтерін басқару шеңберінде өзге де операцияларды жүзеге асырады.»;

мынадай мазмұндағы 14-1-тармақпен толықтырылсын:

«14-1. Инвестициялық декларацияның 12-тармағында көрсетілген инвестициялық тәуекелдерді басқару процесіне зейнетақы активтерін басқарудың инвестициялық процесі шеңберінде шешімдер қабылдау үшін ұсынымдар әзірлейтін Ұлттық Банктің Тәуекелдер комитеті қатысады.»;

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«23. РЕПО операциялары ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында ең төменгі кредиттік рейтингі «ВВ-»-тен төмен емес мемлекеттік және (немесе) мемлекеттік емес бағалы қағаздармен, сондай-ақ клирингтік қатысу сертификаттарымен жүзеге асырылады.»;

мынадай мазмұндағы 26-1-тармақпен толықтырылсын:

«26-1. Шетел валютасындағы портфель құрылымында транзиттік қосалқы портфель құруға жол беріледі.

Транзиттік қосалқы портфель – кейіннен активтер бойынша төлемдерді толық көлемде жүзеге асыру бойынша міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін мән-жайлардың (дүлей күш құбылыстары, соғыс іс-қимылдары, төтенше жағдай және өзге де жағдаяттар) салдарынан Инвестициялық декларацияның параметрлеріне сәйкес келмеуі туындаған, бұрын басқа қосалқы портфельдерге сатып алынған осы активтерден қалыптастырылатын уақытша портфель.

Активтерді транзиттік қосалқы портфельге және одан аудару Ұлттық Банктің Тәуекелдер комитетінің ұсынымдары негізінде жүзеге асырылады.

Транзиттік қосалқы портфельді қаржы құралдарын сатып алу жолымен толықтыруға тыйым салынады.

Транзиттік қосалқы портфельді басқарудың мақсаты үстеме кірістілікті алу болып табылмайды.»;

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«27. Инвестициялық декларацияның 26-тармағында көрсетілген шетел валютасындағы портфельдегі қосалқы портфельдер үлестерінің нысаналы мәндері мен шекті ауытқулары Инвестициялық декларацияға 2-қосымшада айқындалған. Инвестициялық декларацияның 26-тармағында көрсетілген қосалқы портфельдер үлестерінің нысаналы мәндерінен тактикалық ауытқулар Инвестициялық декларацияға 2-қосымшада айқындалған шекті ауытқулар шеңберінде Комитеттің шешімімен анықталады. Инвестициялық декларацияның 26-тармағында көрсетілген қосалқы портфельдер үлестерінің нақты мәндері шекті ауытқулардан асып кеткен жағдайда шекті ауытқулардың бұзылуы ол пайда болған сәттен бастап бір айдан аспайтын мерзімде жойылады.»;

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«48. Парниктік газдар шығарындыларының жоғары деңгейі бар компаниялар, көмір өндіруші компаниялар және темекі өнімдерін өндірушілер шығаратын бағалы қағаздарды қоспағанда, корпоративтік облигациялардың қосалқы портфелі үшін эталондық портфель ICE VofA Q980 Custom Index индексі болып табылады.».

2. Монетарлық операциялар департаменті (Н.А. Тұрсынханов) осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мүдделі бөлімшелеріне жіберсін.

3. Осы қаулы¹ қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.М. Молдабековаға жүктелсін.

Төраға

Ғ.О. Пірматов

Дұрыс:
Бас маман-Басқарма хатшысы

Ж.Мұхамбетова

¹ «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 10 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы